



БҰЙРЫҚ

13.10.2025

Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

№ 513

г.о.р. Ақтөбе

**«Жасыл балабақша», «ІТ- балабақша»
жобаларын масштабтау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауын және Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған жол картасын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Облыстың барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына:

1.1. Экологиялық білім беру жүйесін дамыту, балаларға табиғат пен экологияны қорғауды үйрету бағытында «Жасыл балабақша» жобасы;

1.2. Мектепке дейінгі кезеңде ІТ сауаттылықты арттыру, цифрлық технология саласындағы қарапайым дағдыларын қалыптастыру мақсатында «ІТ-балабақша» жобасы масштабталсын.

2. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы директорына (Д.Жаманбаева).

2.1. «Жасыл балабақша», «ІТ-балабақша» жобаларының жұмысын үйлестіруді әдістемелік сүйемелдеу қамтамасыз етілсін.

3. Ақтөбе қалалық, аудандық білім бөлімдерінің басшыларына:

3.1. «Жасыл балабақша», «ІТ- балабақша» жобаларының жұмысын барлық балабақшада талапқа сай жүргізу үшін шаралар қабылдансын.

3.2. Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім беру мен цифрлық технологияның қарапайым дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасалсын.

3.3. Жобаға қатысушы педагогтердің нәтижелі жұмыс жүргізуіне қажетті жағдай жасалсын.

003406

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н.Бертлеуоваға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б.Кузембаева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ХРОМТАУ
АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

031100, Хромтау қаласы, П.Лахно көшесі, 33
Факс: 8 (71336) 21-6-52, Тел: 8 (71336) 21-6-52
e-mail: khromtau-raion@mail.ru



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧЕРЕЖДЕНИЕ
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ХРОМТАУСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

031100, город Хромтау, ул. П.Лахно, 33
Факс: 8 (71336) 21-6-52, Тел: 8 (71336) 21-6-52
e-mail: khromtau-raion@mail.ru

БҮЙІРЫҚ №- 729н/к

«10» қараша 2025 жыл
Хромтау қаласы

«Жасыл балабақша» жобасын масштабтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауы және Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған жол картасын іске асыру, «Ақтөбе облысы білім басқармасы»ММ 2025жылы 13 қазандағы №513 бұйрығының негізінде
БҮЙІРАМЫН:

1. Экологиялық білім беру жүйесін дамыту, балаларға табиғат пен экологияны қорғауды үйрету бағытында «№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы» МККК «Жасыл балабақша» жобасы бойынша тірек балабақшасы болып бекітілсін.
2. «Жасыл балабақша» жобасы бойынша тірек балабақшасына магниттік балабақшалар қосымша-ітізіммен бекітілсін.
3. Білім бөлімінің әдістемелік кабинет тарапынан «Жасыл балабақша» жобасының жұмысын үйлестіруде әдістемелік сүйемелдеу қамтамасыз етілсін.
4. Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім берудің қарапайым дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасалсын.
5. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі білім бөлімінің әдіскері Ж.К.Нуржановаға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинет меңгерушісі Г.С.Бариковаға жүктелсін.

Хромтау ауданының білім бөлімі басшысы:

Таныстым

Күні, айы, жылы 10.11.2025 ж.



«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
2025 жылғы 10 қараша №729 - н/к
бұйрығына қосымша-1 тіпін

№	МДҮ (шағын орталық) атауы
1	№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
2	№4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы
3	№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы
4	«Бөлашақ» бөбекжай-балабақшасы
5	«Ақбөбек» бөбекжай-балабақшасы
6	«Адина» бөбекжай-балабақшасы
7	«Шанырақ» бөбекжай-балабақшасы
8	Оңғар ОМ жанындағы шағын орталығы
9	Сарысай ОМ жанындағы шағын орталығы
10	Тассай ОМ жанындағы шағын орталығы
11	Аққудық ОМ жанындағы шағын орталығы
12	Майтөбе ОМ жанындағы шағын орталығы
13	Ақжар ОМ жанындағы шағын орталығы
14	Табантал ОМ жанындағы шағын орталығы
15	Қызылсу ОМ жанындағы шағын орталығы
16	Абай ОМ жанындағы шағын орталығы
17	Құдықсай ОМ жанындағы шағын орталығы
18	Тасоткел ОМ жанындағы шағын орталығы



БҰЙРЫҚ № 58/І - н/к

« 12 » қараша 2025 ж
Хромтау қаласы

**«Жасыл балабақша» пилоттық жобасының
тірек балабақшасын құру туралы**

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2025 жылғы 13 қазандағы №513 бұйрығына және Хромтау ауданының 2025 жылғы 10 қарашадағы №729- н/к бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жасыл балабақша» пилоттық жобасының жетекшісі болып балабақша меңгерушісі К.Муринова бекітілсін.
2. «Жасыл балабақша» пилоттық жоба бағдарламасы әзірленіп, бекітілсін.
3. «Жасыл балабақша» пилоттық жобасын жүзеге асыру балабақшаның педагогтары мен ата-аналарына жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

№6 «Ақкогершін» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:  Ж.Муринова

**№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасының «Жасыл балабақша»
пилоттық жобасының атқарылған жұмыстары туралы
талдамалық есебі:**

Жобаның мақсаты:

«Жасыл балабақша» – мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғау дағдыларын ерте жастан дамыту.

Өзектілігі:

Экологиялық білім мен тәрбие — қазіргі қоғамда аса маңызды. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың таусылуы, қоршаған ортаның ластануы мәселелері балабақша деңгейінде де көтеріліп, бала санасына ерте жастан енгізілуі тиіс. Бұл жоба – балалардың экологиялық ойлау қабілетін, табиғатқа ұқыпты қарауын қалыптастыруда маңызды құрал.

Негізгі бағыттары:

- Эко-білім беру (сабақтар, ойындар, ертегілер, эксперименттер);
- Қайта өңдеу (пластик, қағаз, қалдықтармен жұмыс);
- Көгалдандыру (ағаш, гүл егу, жылыжаймен жұмыс);
- Су және энергияны үнемдеу әдеттерін қалыптастыру;
- Экологиялық жобалар мен көрмелер ұйымдастыру.

Қатысушылар:

- Тәрбиешілер мен педагогтер;
- Балалар (3-6 жас);
- Ата-аналар;
- Балабақшаның әкімшілігі;
- Қоғамдық экологиялық ұйымдар.

Жетістіктер мен нәтижелер:

- Балалардың табиғатқа деген қызығушылығы артады;
- Практикалық дағдыларды меңгереді (екпе отырғызу, сұрыптау, үнемдеу);
- Педагогтардың эко-педагогикалық құзыреттілігі дамиды;
- Ата-аналармен экобілім саласында бірлестік артады;
- Мекеме экологиялық имиджге ие болады.

Кедергілер мен тәуекелдер:

- Материалдық-техникалық база жеткіліксіздігі (жылыжай, құрал-жабдықтар);
- Педагогтардың экологиялық тақырыптағы біліктілігі жеткіліксіз болуы;
- Ата-аналардың бұл бағытқа қызығушылығының төмендігі.

2025-2026 оқу жылында Ақтөбе облысының білім басқармасының 2025 жылдың 13 қазандағы №513 бұйрығы негізінде, Хромтау ауданының білім бөлімінің 2025 жылдың 10 қарашадағы №729- н/к бұйрығына сәйкес №6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасының 2025 жылдың 12 қарашадағы №58/1- н/к бұйрығы негізінде балабақшамызда «Жасыл балабақша» пилоттық жоба бағдарламасы әзірленіп, бекітілді. Жоспарға сәйкес балабақшамыздың педагог қызметкерлері мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 2025 жылдың 17 қараша күні «Инновация мен экология үндестігі: мектепке дейінгі ұйымдардағы

«Жасыл балабақша» пилоттық жобасының жұмысы» тақырыбында аудандық семинар өткен болатын. Семинардың басты мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, экологиялық санасын, экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Балабақшамызда 8 топ болса, әр топта 8 табиғат бұрышы мен айналы кабинет жабдықталды. Экологиялық айлықтар мен апталықтар әр топ бойынша балалардың ерекшелігіне қарай, өздеріне берілген көкөністер мен жемістерді өсіруге жұмыстар жүргізілуде. Әр педагог өз ҰІӘ зерттеу жұмыстарын қосуда, балаларға экологиялық мәдениет қалыптастыру бағынды әліде тиімді жұмыстар атқару жоспарланған. Бұл 4 айдың ішінде «Жасыл балабақша» пилоттық жұмысына 18 педагог, 52 бала, 17 ата-ана тартылды.



Ұсыныстар:

- Педагогтарға экология бойынша семинарлар ұйымдастыру;
- Балалармен тәжірибелік эксперименттер өткізу;
- Ата-аналарға арналған экосағаттар мен шеберлік сабақтарын көбейту;
- Қалалық немесе аудандық «Жасыл балабақша» байқауына қатысу.

Қорытынды:

«Жасыл балабақша» жобасы – баланы табиғатқа жақындатып, экологиялық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы. Бұл тек бір балабақшаның емес, қоғамның болашағына қосқан үлес.

**Ақтобе облысында «Жасыл балабақша» жобасы аясындағы
жұмыс тобының құрамы**

№	Толық аты-жөні, тегі	Мекеме атауы, қызметі
1	Пекендірова Аяш Абдинахановна	Ақтобе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері
2	Жетмекова Гүлнар Урнайевна	Ақтобе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері
3	Жолмаханова Жалыра Оңаровна	Ақтобе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері
4	Ураганшева Нұрсұлтан Куандықовна	Алга аудандық білім бөлімінің әдіскері
5	Айсенпа Айтүл Сансызбаевна	Алга ауданы, №3 «Гүлдер» балалар бақшасының меңгерушісі
6	Қолдауова Ақнұс Нұрлыбайқызы	Алга ауданы, №3 «Гүлдер» балалар бақшасының әдіскері
7	Жайлаулова Әйгерім Аманбайқызы	Әйтеке би аудандық білім бөлімінің әдіскері
8	Қалжанова Халима Камаловна	Әйтеке би ауданы, «Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі
9	Жусипова Алтыншаш Қабдодолтаевна	«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымының әдіскері
10	Қунтуғанова Бақытгүл Ахметжановна	«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымының тәрбиешісі
11	Төкесібаева Жаркын Кенжетайқызы	Байғанин аудандық білім бөлімінің әдіскері
12	Шонаева Кенжетүл Мейлихановна	Байғанин ауданы, «Рауан» бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі
13	Пемайлова Гүлсая Сейтханқызы	Байғанин ауданы, «Рауан» бөбекжай- балабақшасының әдіскері
14	Төремұратова Гүлтайым	Байғанин ауданы, «Рауан» бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі
15	Нурпенсоева Гүлсара Есенжановна	Қобда аудандық білім бөлімінің әдіскері
16	Гүлешова Гүлнұр Дәулетқалиевна	Қобда ауданы, «Шұғыл» бөбекжай- бақшасының меңгерушісі

39	Биманбаева Жайнагуль Конуспаевна	Қарғалы аудандық білім бөлімінің әдіскері
40	Биманбаева Жанат Конуспаевна	Қарғалы ауданы, «Балапан» мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі
41	Утешева Айгуль Аскаровна	Қарғалы ауданы, «Балапан» мектепке дейінгі ұйымының әдіскері
42	Нуржанова Жанар Қадірбаевна	Хромтау аудандық білім бөлімінің әдіскері
43	Муринова Қымбат Макаримовна	Хромтау ауданы, №6 «Ақкөгершін бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі
44	Сырымбетова Назира Өмірзаққызы	Хромтау ауданы, №6 «Ақкөгершін бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі
45	Губайдуллина Эльмира Ерлановна	Хромтау ауданы, №6 «Ақкөгершін бөбекжай- балабақшасының психологі
46	Ерекеева Кунсауле Исламгалиевна	Ақтөбе қаласы, «BILIM QAZYNA» КММ әдіскері
47	Түребаева Динара Талгатовна	Ақтөбе қаласы, №20 «Дидар» бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі
48	Жапзакова Жанат Хазизовна	Ақтөбе қаласы, №20 «Дидар» бөбекжай- балабақшасының әдіскері
49	Игисинаова Бакыткул Қайыровна	Ақтөбе қаласы, №20 «Дидар» бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі
50	Нұрлан Ұлбөлісін Маратқызы	Ақтөбе қаласы, №20 «Дидар» бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі
51	Омарова Шолпан Шамшатовна	№14 «Қонжық» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі
52	Мукашева Слушан Тлепкалиевна	№14 «Қонжық» бөбекжай-балабақшасының әдіскері
53	Нурмухамедова Юлия Сергеевна	№14 «Қонжық» бөбекжай-балабақшасының асының тәрбиешісі
54	Суханбердиева Ранса Қарагуловна	№7 «Арман» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі
55	Байдилядина Айсауле Қайымовна	№7 «Арман» бөбекжай-балабақшасының әдіскері
56	Сагиева Гулжайнар Ғалимовна	№7 «Арман» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеші



Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылға арналған «ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША» жобасының жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Өткізу форматы	Өткізу уақыты	Аудитория	Жауаптылар
1 кезең. Аймақтық жоспарлау (қыркүйек-қараша 2025ж.)					
1.1	«ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША» жобасының бұйрығын, жұмыс жоспарын дайындау	Бұйрық	қыркүйек		Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
1.2	«ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША» жобасының жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Instagram, facebook, БАҚ	үнемі		Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы, Аудандық, қалалық білім бөлімдері
2 кезең. Ұйымдастыру (желтоқсан - мамыр 2026ж.)					
2.1	«Жасыл балабақша: экологиялық мәдениеттің бастауы»	Семинар	желтоқсан	менгерушілері, әдіскерлер, тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Ақтөбе қалалық білім бөлімі, №14 «Қонжық» бөбекжай-балабақшасы Ш.Ш.Омарова
2.2	«Жасыл балабақша жобасының тиімділігі және оны жүзеге асыру жолдары»	Семинар - практикум	қаңтар	менгерушілері, әдіскерлер, тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Байғанин аудандық білім бөлімі, «Рауан» бөбекжай-бақшасы К.Шонаева
2.3	«Жасыл балабақшадан - адал болашаққа»	Семинар	қаңтар	менгерушілері, әдіскерлер,	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Қобда аудандық білім бөлімі,

Д.Жаманбаева

				тәрбиешілер	«Балдырған» бөбекжай-бақшасы Г.Т.Косниязова
2.4	«Жасыл балабақша: тұрақты даму жолындағы алғашқы қадам»	Коучинг-семинар	ақпан	балабақша және мектепалды сынып тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Ақтөбе қалалық білім бөлімі, №20 «Дидар» балабақшасы Д.Т.Турбаева
2.5	«Жасыл орта-жирқын болашақ: Ерте жастан табиғатты сүйеге тәрбиелеу»	Семинар - практикум	ақпан	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Қобда аудандық білім бөлімі, «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы Г.Д.Тулешова
2.6	«Балабақшадағы экологиялық тәрбие: тәжірибе мен тәсілдер»	Семинар - практикум	ақпан	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Ойыл аудандық білім бөлімі, «Балдырған» бөбекжай-бақшасы А.К.Бисебаева
2.7	«Табиғат - біздің досымыз»	Семинар - практикум	наурыз	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Мұғалжар аудандық білім бөлімі, «Достық» бөбекжай-бақшасы А.У.Кулумшина
2.8	«Таза орта – салауатты ұрпақ»	Семинар - практикум	наурыз	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Ырғыз аудандық білім бөлімі, «Балдырған» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі М.О.Хамзина
2.9	«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы және дамыту жолдары»	Семинар - практикум	сәуір	балабақша және мектепалды сынып тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Ақтөбе қалалық білім бөлімі, №20 «Дидар» балабақшасы Д.Т.Турбаева
2.10	«Жасыл әлемге алғашқы қадам»	Семинар	сәуір	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Әйтеке би аудандық білім бөлімі, «Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы Х.К.Калжанова

2.11	«Экологиялық тәрбиенің инновациялық әдістері мен нысандары»	Семинар - практикум	сәуір	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Қарғалы аудандық білім бөлімі, «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы Ж.К.Бименбаева
2.12	«Балабақшадағы экологиялық тәрбие берудің жолдары»	Семинар - практикум	мамыр	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Мәртөк аудандық білім бөлімі, №2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы Т.Ж.Жармағамбетова
2.13	«Біз табиғатты қорғаймыз»	Семинар - практикум	мамыр	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Шалқар аудандық білім бөлімі, «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы Г.Ш.Гәліпова
2.14	«Эко-саяхат: мұнайдың ізімен»	Семинар - практикум	мамыр	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Темір аудандық білім бөлімі, «Зере» бөбекжай-балабақшасы У.Б.Кузенбаева
2.15	«Жасыл балабақша - жас ұрпақтың экологиялық санасын дамытудың моделі»	Семинар - практикум	мамыр	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Алға аудандық білім бөлімі, №3«Гүлдер» балалар бақшасының меңгерушісі А.С.Айсина
2.16	«Green skills: болашақ ұрпаққа қажетті дағдылар»	Семинар - практикум	мамыр	әдіскерлер, ББ және ШО тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Хромтау аудандық білім бөлімі, №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы К.М.Муринова
2.17	«ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША» жобасының жұмысын қорытындылау мақсатында «Мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық бағыттағы инновациялық тәжірибелер тарату»	Семинар - практикум	мамыр	меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер, тәрбиешілер	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Ақтөбе қалалық білім бөлімі, №7 «Арман» бөбекжай-балабақшасы Р.К.Суханбердиева

«Ақтобе облысының білім басқармасы» ММ
Ақтобе облыстық әдістемелік орталығы
«Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

«Бекітемін»
№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі
 К. Муринова

«Келісемін»
Ақтобе облыстық әдістемелік
орталығының директоры
 Д. Жаманбаева

«Жасыл балабақша» пилоттық жоба
БАҒДАРЛАМАСЫ

2025-2026 оқу жылы



**«Жасыл балабақша»
Пилоттық жобасының ақпараттық құрылымы**

Пилоттық жобаның негіздемесі	
Пилоттық жобаның оту нысаны	Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, №6 «Ақкогершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Пилоттық жобаны құрастырушы	№6 «Ақкогершін» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі К.Муршинова
Пилоттық жобаның мақсаты	Мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, экологиялық санасын, экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.
Міндеттері	- балаларға табиғат, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы білім беру; - қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын түсіндіру; - экологиялық дағдыларды (өсімдік отырғызу, тазалық сақтау, коқысты сұрыптау) қалыптастыру; - тәрбиешілер мен ата-аналар арасында экологиялық мәдениетті насихаттау; - балабақша ауласында экологиялық аймақ (бақша, гүлзар, жылыжай) ұйымдастыру; - экологиялық іс-шаралар мен ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.
Күтілетін нәтиже	- Табиғатқа жанашырлықпен қарайды; - Қоршаған ортаны қорғау ережелерін біледі және орындайды; - Өсімдіктерді күту, коқысты сұрыптау дағдыларын меңгереді; - Экологиялық сауаттылығы артады.
Іске асыру мерзімі	1 кезең. Аймақтық жоспарлау (қыркүйек-желтоқсан 2025ж.) 2 кезең. Ұйымдастыру (қаңтар 2026ж.-сәуір 2027ж.) 3 кезең. Қорытынды (мамыр 2027ж.)

Түсінік хат

Қазіргі таңда адамзат алдында тұрған жаһандық мәселелердің бірі — экологиялық дағдарыс пен қоршаған ортаның ластануы. Бұл мәселенің алдын алу мен шешу — тек ересектердің ғана емес, келешек ұрпақтың, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың да бойында экологиялық мәдениетті қалыптастырумен тікелей байланысты. Табиғатты қорғау мен аялау — әрбір азаматтың міндеті екенін ұғындыру балалық шақтан басталуы тиіс.

Мектепке дейінгі кезең — тұлғаның қалыптасуындағы ең маңызды кезең. Осы жаста балалардың дүниетанымы, көзқарасы, әдеттері мен дағдылары қалыптасады. Сондықтан экологиялық тәрбие беру ісі балабақшадан басталуы қажет.

«Жасыл балабақша» жобасы — мектепке дейінгі ұйым жағдайында экологиялық білім мен тәрбие беруді жанаша ұйымдастыруға бағытталған ұзақмерзімді жоба. «Жасыл балабақша» жобасын іске асыру ұсынылады, оның ішінде: салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу, жарық пен су көздерін үнемдеу, табиғаттың ластануын болдырмау, балабақша бөлмелеріне, жылыжайларға гүлдер, көкөністер мен жемістер отырғызу, өсімдіктерге күтім жасау, балалардың жасаған жұмыстарын жарнамалау ұсынылады. МДҰ ауласына бақша өнімдерін егу, оларға күтім жасау, қарапайым бақылау жүргізу, жылыжай жұмысын ұйымдастыру, қалдық заттарды сұрыптау арқылы оларға «екінші өмір» сыйлау, электр қуатын ұтымды пайдалану. Балалар ауа-райын, маусымдық өзгерістерді, табиғи құбылыстарын бақылау және зерттеу үшін метеостанция ұйымдастыруға болады. Метеостанция балаларға ғажайып табиғат әлеміне және оның заңдылықтарына үңілуіне мүмкіндік береді.

Жоба шеңберінде балалар тек білім алып қана қоймай, өз қолдарымен табиғат бұрышын құрып, өсімдіктерді күту, тазалық сақтау, қайта өңдеуге болатын материалдармен жұмыс жасау сияқты пайдалы тәжірибелер арқылы экологиялық мәдениетті меңгереді. Сонымен қатар жобаға ата-аналар мен тәрбиешілер белсенді тартылып, «бала — тәрбиеші — ата-ана» ұштағаны негізінде бірлескен жұмыстар жүргізіледі.

Бағдарлама өзектілігі: Бүгінгі күнде экологиялық тәрбиенің маңыздылығы бұрынғыдан да арта түсті. Климаттың өзгеруі, ормандардың азаюы, ауа мен судың ластануы, тұрмыстық қалдықтардың көбеюі сияқты проблемалар бүкіл адамзат баласына ортақ қауіп төндіріп отыр. Бұл мәселелердің алдын алу үшін қоғамда экологиялық сана мен жауапкершілікті ерте жастан қалыптастыру қажет.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру — басты міндеттердің бірі ретінде айқындалған. Мектепке дейінгі ұйымдар — осы тәрбиенің алғашқы баспалдағы.

Жобанын мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, экологиялық санасын, экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балаларға табиғат, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы білім беру;
- қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын түсіндіру;
- экологиялық дағдыларды (өсімдік отырғызу, тазалық сақтау, қоқысты сұрыптау) қалыптастыру;
- тәрбиешілер мен ата-аналар арасында экологиялық мәдениетті насихаттау;
- балабақша ауласында экологиялық аймақ (бақша, гүлзар, жылыжай) ұйымдастыру;
- экологиялық іс-шаралар мен ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- табиғатқа жанашырлықпен қарайды;
- қоршаған ортаны қорғау ережелерін біледі және орындайды;
- өсімдіктерді күту, қоқысты сұрыптау дағдыларын меңгереді;
- экологиялық сауаттылығы артады.

«Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асырудың моделі



«Жасыл балабақша» пилоттық жобасының орындалу кезеңдері

**I КЕЗЕҢ. Аймақтық жоспарлау
(қыркүйек-желтоқсан 2025 ж.)**

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асыру бойынша қаржы көздерін қарастыру және сәйкесінше сметалық шығындарын дайындау.	қыркүйек, қазан айлары	Менгеруші
2	Пилоттық жобасына қатысатын педагог қызметкерлерді түрлі семинар, шебер сыныптарға жіберу.	Қараша, желтоқсан айлары	Менгеруші
3	Пилоттық жобаның бағыттары бойынша жоспар құру және бекіту.	қазан айы	Менгеруші, жауапты педагогтер
4	Балабақша бойынша жалпы ата-аналар жиналысын жоспарлап, пилоттық жоба жоспарымен таныстырып, кері байланыс жасау.	қараша айы	Менгеруші, жауапты педагогтер
5	Балабақша ұжымы мен педагогтер және ата-аналар арасында онлайн сауалнама жүргізіп, қорытындылау	желтоқсан айы	Менгеруші

**2 КЕЗЕҢ. Ұйымдастыру
(қаңтар 2026ж.-сәуір 2027ж.)**

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Экологиялық айлық бастау, Табиғат бұрыштары мен жасыл балабақша бұрышын жасау.	қаңтар	Педагогтер

2	Экологиялық мәдениеттің дамуы бағытында жұмыстар.	ақпан	Педагогтер
3	Ата-аналармен бірлескен «Жасыл балабақша» жобаларды жүзеге асыру.	наурыз	Менгеруші, жауапты педагогтер
4	Жобаның аралық нәтижелерін бақылау	сәуір	Менгеруші, жауапты педагогтер
5	Балалардың экологиялық мәдениетін бағалау.	мамыр	Менгеруші
6	Педагогтердің кәсіби дамуын талдау.	2027 жыл қаңтар	Менгеруші
7	«Жасыл балабақша» атты педагогтерге арналған көмекші құралдарды әзірлеу	ақпан	Барлық тәрбиешілер
8	«Жасыл балабақша – жас ұрпақтың болашағы» эссе байқауының қорытындысы	наурыз	Барлық педагогтар
9	Кемшіліктерді анықтап, түзету енгізу.	сәуір	Менгеруші

3 КЕЗЕҢ.

Қорытынды (мамыр 2027 ж.)

№	Іс- шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Пилоттық жобаның нәтижелерін жинақтау.	Мамыр	Менгеруші
2	Үздік тәжірибелерді тарату. Әдістемелік құралдар мен жинақтар әзірлеу.	Мамыр	Менгеруші
3	Жобаны кеңейту жоспарын жасау.	Мамыр	Менгеруші педагогтер
4	Қорытынды мониторинг	Мамыр	Менгеруші

**Пилоттық жобаны іске асыруда педагогтермен жүргізілетін
іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шаралар тақырыбы	Өткізу форматы	Өткізу мерзімі	Жауантылар
1	«Жасыл балабақша» жобасымен танысу	Әдістемелік отырыс	2026 жыл Қаңтар	Барлық тәрбиешілер
2	«Суды үнемдеу – болашақты сақтау»	ҮІӨ кіріктіру	Ақпан	Барлық тәрбиешілер
3	«Эко-ертегі әлемінде»	Ертегі сахналық қойылым	Наурыз	МАД тобының тәрбиешілері
4	«Дұрыс тамақтану – мықты денсаулық негізі»	экологиялық тәрбиелеу ойыны	Сәуір	Ересек топтарының тәрбиешілері
5	«Кішкентай зерттеуші»	Байқау	Мамыр	Әдіскер
6	«Салауатты бала – жарқын болашақ»	Спорттық ойын	Шілде	Дене шынықтыру нұсқаушысы
7	«Таза қалам- Хромтауым»	Экскурсия	Тамыз	Барлық топ тәрбиешілері
8	«Адал ұрпақ – таза болашақ»	Тазалық айы	Қыркүйек	Барлық педагогикалық ұжым
9	Күзгі FEST қайырымдылық жәрменкесі	Жобаға байланысты бұйымдарды сату.	Қазан	Барлық педагогикалық ұжым
10	Аудандық деңгейдегі шығармашылық жоба «Эко жоба»	Семинар, шебер сыныптар.	Арнайы жоспар бойынша	Тәрбиешілер
11	«Табиғатты аялауға жас ұрпақтан бастайық»	Тазалық айы	Қараша	Барлық педагогикалық ұжым
12	«Қысқы композиция»	Топ аралық сайыс	Желтоқсан	Барлық тәрбиешілер
13	«Спорт – біздің досымыз»	Отбасылық сайыс	2027 жыл Қаңтар	МАД тобының тәрбиешілері
14	«Тастанды заттарға екінші өмір сыйлау»	Акция	Ақпан	Ата-аналар арасында
15	«Жасыл балабақша – жас ұрпақтың болашағы»	Эссе байқауы	Наурыз	Барлық педагогикалық ұжым

16	«Табиғатты аялауға жас ұрпақтан бастайық»	Балабақшамыздың айналасын абаттандыру	Сәуір	Ата-аналар, балалар
17	«Жасыл балабақша-2027» фестиваль өткізу	Жыл бойы атқарылған шараларды қорытындылау	Мамыр	Барлық педагогикалық ұжым

Пайдаланған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. «Экологиялық тәрбие» — Ә.Жұмаділдаева, Ж.Нысанбаева;
2. «Мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру» — О.Ерешева;
3. «Балабақшада экологиялық тәрбие беру әдістері» — Б.Қ. Құрманалиева;
4. «Жасыл технология элементтері» — ҚР БҒМ ұсынған әдістемелік құралдар жинағы.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты».
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары».
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы».
4. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты.




«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ «АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӨДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРЫНЫ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР»
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
Шығыс-Исходящий
№ 802 24 04 20 26 жж

Семинардың сессиялары өз тәжірибесімен
бөліскендігі расталады.
АҚТӨБ.Білім меңгерушісі А.Искендіров.



АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Облыстық «Жасыл балабақша» жобасы аясында
«Green skills: болашақ ұрпаққа қажетті дағдылар»
тақырыбындағы семинар

БАҒДАРЛАМАСЫ

2026 ЖЫЛ

Өтетін орны: Хромтау ауданы №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы

Өтетін күні: 22.05.2026 жыл

Қатысушылар: мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері

Мақсаты: Педагогтердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру, балаларға табиғатты қорғау мен ресурстарды үнемдеуге бағытталған «жасыл дағдыларды» (green skills) үйретудің тиімді жолдарын таныстыру және мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие берудің заманауи әдістерін тәжірибеде қолдануға бағыттау.

09.30-09.50 Қатысушылардың онлайн тіркелуі
(Инстаграмм парақшасы арқылы тікелей эфир)

09.50-10.00 Алғы сөз
А.А.Искендірова, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері, п.ғ.м.
К.М.Муринова, №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі

10.00-10.10 Музыкалық сәлемдеме
Н.Б.Жанабаева, №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасының музыкалық жетекшісі

10.10-10.30 «ЭКОШЕБЕР: қиялдан туган бұйымдар»
қалдық заттардан көрме

10.30-10.50 «Жасыл балабақша тапқырлары» квест ойыны
Г.Н. Умурзакова, №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасының дене тәрбиесі нұсқаушысы

10.50-11.10 «Алтын дәннен, ақ нанға дейін»
ұйымдастырылған іс-әрекет
Н.Ө.Сырымбетова, №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

11.10-11.30 «Көктеммен бірге келген көбелектер»
кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет
Э.Е.Губайдуллина, №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

11.30-11.50 «Жасыл әлем әуені» театрландырылған
музыкалық қойылым
Н.Б.Жанабаева, №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасының музыкалық жетекшісі

11.50-12.00 Кері байланыс
Г.Ж.Бажаканова, Хромтау аудандық білім бөлімінің әдіскері.